18725071885

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2022 жылғы 12 сәуір №4360-22-00-2/111 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Сансызбаеваның,
сот отырысының хатшысы А.А.Молдаштың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мұнайқұрылыс көп салалы құрылысы фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Шарт бойынша жұмыстарды мәжбүрлеп орындауды міндеттеу
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшының өкілі А.И.Кишкенеев
жауапкердің өкілі Р.М.Бегимбаев
үшінші тұлға «Дан-Строй-Проект» ЖШС-нің өкілі Н.Искаков

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2020 жылғы 9 қарашадағы №232 (бұдан әрі – Шарт) және 2021 жылғы 13 мамырдағы қосымша келісім (бұдан әрі – қосымша келісім) ашық конкурс мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартын жасаған.

Шарттардың 2.1, 3.1-тармақтарына және қосымшаларына сәйкес, жауапкер Шарт бойынша жалпы сомасы 472 053 643 теңгеге Қызылорда қаласы СПМК-70/4 тұрғын кварталында салынатын 40-пәтерлі №3 тұрғын үй құрылысы бойынша жұмыстарын 2021 жылғы 30 желтоқсанға дейін орындауға міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 02.05.2022

Жоғарыдағы көрсетілген Шарт бойынша жауапкер жұмыстарын толық аяқтап орындамаған.

Талап қоюшы сотқа жоғарыда аталған талап қоюмен жүгініп, бүгінге дейін Шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағанына байланысты соттан талап қоюды қанағаттандырып, жауапкермен Шарт бойынша жұмыстарды мәжбүрлеп орындауды міндеттеуді сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікірді сотқа ұсынып, талап қоюмен келісетінін және құрылыс монтаж жұмыстарын 2022 жылдың 30 сәуіріне дейін аяқтайтындығын көрсеткен.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, оларды нақтылап, талаптарын қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі сотта талабын мойындап, талап қоюшының хаттарын қабылдап алғанын, Серіктестік жұмыстарды аяқтаудан бас тарпай алдағы уақытта орындап беретінін көрсетті.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1 талап бойынша

Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабының талабына сай, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс делінген. Сонымен қатар, осы кодекстың 273-бабының талабына сай, Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан бір жақты бас тартуға және оның шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді делінген.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 616-бабының 1-тармағына сәйкес, мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

АК-нің 632-бабының 1-тармағына сәйкес, мердігер орындаған жұмыс шарт ережелеріне, ал олар болмаған немесе толық болмаған жағдайда - әдетте тиісті тектес жұмысқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 171-бабының 2-тармағына сәйкес, жауапкердің талап қоюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 02.05.2022

Сотқа ұсынылған құжаттарға сәйкес, Шарт бойынша жауапкермен жұмыстардың, атап айтқанда монтаж жұмыстары шамамен бес пайызға орындалмағаны анықтаған.

Жауапкер талап қою арызын толық мойындап, жоғарыдағы Шарт бойынша жұмыстарын аяқтайтіндігін мәлімдеді. Оған талап қоюды мойындаудың салдары, яғни талап қоюды мойындау сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босататыны түсіндірілді.

Жауапкердің талап қоюды мойындауына орай талап қою арызы толық қанағаттандыруға жатады.

№ 2 талап бойынша:

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамауына байланысты талап қоюшы одан 15 күнге 269 366 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Шарттың 8.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Талап қоюшының есебіне сәйкес, келісім шарт бойынша 15 күнге тұрақсыздық айыбы (17 957 794,65 х 0,1% х 15 күн) 269 366 теңгені құраған. Жауапкердің талап қоюды мойындауына орай мемлекет пайдасына 269 366 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 9 540 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Мұнайқұрылыс көп салалы құрылысы фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне құрылыс монтаж жұмыстарын тапсыруды міндеттеуін, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мұнайқұрылыс көп салалы құрылысы фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2020 жылдың 9 қарашадағы №232 құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша Қызылорда қаласы СПМК-70/4 тұрғын кварталында салынатын 40-пәтерлі №3 тұрғын үй құрылысы жұмыстарын орындауды мәжбүрлеп міндеттелсін.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 02.05.2022
4360-22-3-1/58

Жауапкер «Мұнайқұрылыс көп салалы құрылысы фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын 269 366 (екі жүз алпыс тоғыз мың үш жүз алпыс алты) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 9 540 (тоғыз мың бес жүз қырық) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстықтық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 02.05.2022

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»